

Валюта жестілігі

2023.06.03-10.03





Өткен аптада теңге бір доллар үшін 446 теңгеге тұрақтады. Жалпы бұл әлсіреудің негізгі себептері – сыртқы экономикалық факторлар болды.

Доллар индексі 105.7 пунктке көтерілді. Бұған АҚШ Федералдық резервтік жүйесі басшысының мәлімдемесі себеп болды. Ол негізгі мөлшерлемені көтеру қарқыны тездетілуі мүмкіндігін айтқан болатын. Алайда АҚШ-та жұмыспен қамту бойынша статистикалық деректер аясында индекс 104.58 деңгейіне дейін төмендеді.

ФРЖ басшысының мәлімдемесі **мұнай** бағасын түсіріп жіберді. Айталық, мұнай бағасы бір баррель үшін 86.18 доллардан 81.89 долларға дейін төмендеді. Апта соңында доллар индексінің азаюына байланысты мұнай бағасы 82.78 доллар деңгейінде қалды. Дүйсенбі күні ОПЕК мұнай нарығына ай сайынғы шолуын жариялады: жыл басынан бері мұнай профициті байқалуда (қаңтарда 0.04 млн б/т және ақпанда 0.15 млн б/т). Бұл да оның бағасына қысым көрсетті. Төмендеудің тағы бір факторы – Қытай тарапынан мұнай импорттау туралы деректер. Қаңтар-ақпанда жылдық тұрғыда **газ** импорты 9.4%-ға, ал мұнай импорты 1.3%-ға қысқарды. Нарыққа қатысушылардың көпшілігі әлі де «Қытай импорт көлемін арттырады» деген үмітте. Өйткені елде карантиндік шектеулер алынып тасталғаны белгілі.

Доллардың нығаюы **рубль** бағамының серпініне де әсер етті. РФ Қаржы министрлігінің қолдауына қарамастан, ресейлік валюта 0.6%-ға арзандады. Ағымдағы аптада РФ Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі жоғарылайды деп күтілуде. Бұл қысқа мерзімді болса да нәтиже беріп, рубль бағамын нығайтары анық.

Жұма күні АҚШ-та активінің көлемі бойынша 12-ші орындағы банк – **Silicon Valley Bank** банкротқа ұшырады. Бұл және инфляцияның жоғары өсу қарқыны және жоғары мөлшерлемелер «домино» әсерін тудырып, рецессияның болатындығы туралы қорқынышты күшейтуі мүмкін. Біз доллар бағасының және ақша нарығында қарыз алу мөлшерлемесінің өсетіндігін күтеміз. Бұл теңге бағамын біз болжаған деңгейге жақындата түседі.

Наурызда дәстүрлі компаниялардың инвестициялық белсенділігі шарықтау шегіне жетеді. Компаниялар негізгі құралдарды жаңартып жатыр және бұл негізінен шетел валютасында жүргізілуде. Өткен жылы геосаяси шиеленістерге байланысты инвестициялық белсенділік төмендеген болатын. Енді биыл негізгі құралдарға жұмсалатын инвестиция көлемі рекордтық көрсеткішке жетеді деп ойлаймыз. Бұл құбылыс өз кезегінде ұлттық валюта бағамының қалыптасуына ықпал етеді.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.10.03 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023. 10.03 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	82.8	-3.6%	-4.2%	▲	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.75%	2022.24.02	▲
Доллар индексі	104.6	0.0%	0.9%	▲		АҚШ ФРЖ	1.65%	2023.01.02	▲
USDRUB	76.1	0.6%	3.0%	▲		ЕОБ	-3.30%	2023.02.02	▲
CDS спреді (USD/KZT)	10.6	+0.3 п.п.	-0.05 п.п.	▲		РФ ОБ	0.50%	2023.10.02	▼

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.10.03 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	446.0	3.5%	-1.1%	-3.6%	414.67	512.19
EUR KZT	471.9	3.2%	-2.2%	-4.3%	443.06	563.56
RUB KZT	5.9	2.6%	-5.2%	-8.7%	4.42	9.1
CNY KZT	64.1	2.6%	-3.3%	-4.0%	62.21	80.71



Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.10.03 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	88.7	-3.1%	2.3%	6.1%	
Теңгенің құбылмалылығы*	1.0%	0.8%	1.5%	5.3%	
Экспорттық бағалар индексі	146.7	-4.62%	-4.1%	-6.6%	

* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.


Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
2023.03.03	USDKZT	431.1	466.4	477.5	×	Валюталық түсім ақшаны сату және Ұлттық қордан көзделген трансферттер аясында бағамды нығайту
2023.10.03		446.0			×	Ішкі факторлардың әсерінен бағамды түзету
					×	
					×	

* сәйкес келеді, × сәйкес келмейді

Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Біз бағам бойынша болжамымызды теңге жайғасымының нығаяу жағына қарай қайта қарап шықтық. Болжамдарды қайта қарау бірінші кезекте біздің модельдерге енгізілетін инфляциялық болжамдарды түзету жағдайына байланысты болды. Айталық, ҚРҰБ жаңартылған деректеріне сүйенер болсақ, күтілетін инфляцияны бағалау 21.3%-дан 17.3%-ға дейін қысқарды. Сәйкесінше барлық сценарийлер бойынша болашақ кезеңдерге қатысты болжамдардың өзгеру қарқыны қайта қаралды. Мұнай нарығының тұрақты күйін және оған деген сұраныстың жоғары екендігін көре отырып, біз де мұнайға қатысты пессимистік сценарийімізді қайта қарадық. Осы ретте барлық сценарийлерде біз базалық мөлшерлеме бойынша болжамымызды өзгертпейміз. Өйткені ҚРҰБ риторикасына зер салсақ, реттеуші базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде ұстап тұруға ниетті.



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz